

«Ұлы-Орда» бөбекжай балабақшасының ЖШС

Педагогикалық кеңес хаттамасы №1

31.08.2022

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары»

Қатысушылар: 26

Қатыспағандар :0

Күн тәртібі:

- 1.Балабақша бойынша 2022-2023 жаңа оқу жылына арналған жоспарындағы өзгерістерді талқылап, бекіту.
- 2.Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы
- 3.Нормативтік құжаттарды таныстыру
- 4.Педагогтардың 2022-2023оқу жылына арналған оқу жоспарлары, перспектива, циклограма, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, күн тәртібін бекіту.

Тыңдалды : Өткен педагогикалық кеңестің шешімдері бойынша балабақша әдіскері Ф.Боранбаеваның биылғы хабарламасы тыңдалды.

Келесі сөзді балабақша меңгерушісі А.Ә.Тәтпенова биылғы оқу жылындағы жылдық жоспарды таныстырып өзгерістерді айтып өтті, жылдық жоспар талқыланып бекітілуге ұсынылды.

Пікір: тәрбиеші А.Сахова жылдық жоспар бойынша биылғы өзгеріс әрбір тәрбиешіге шығармашылық тақырыптар берілген , ол деген тәрбиешінің өз бетімен ізденуіне, және шығармашылықпен жұмыс жасау үшін қолайлы екенін атап өтті.

Мектеп жасына дейінгі баланың тілін дамытуда моделдеу көрнекілігін қолданудың тиімділігі жөнінде айта өтті.

Жазғы сауықтыру шынықтыру маусымындағы атқарылған жұмыстар туралы хабарламаны балабақша әдіскері, психологы және медбикесі жасады. Жалпы жаз мезгілінде жоспарланған іс-шаралар.

Келесі сөзді балабақша әдіскері алып биылғы оқу жылында басшылыққа алынатын нормативті құжаттар мен таныстырды. Оның ішінде білім заңы

бойынша балабақшаға қатысты 4 баппен таныстырды, әдістемелік нұсқаулық хатпен, санпин ережелері туралы бұйрықпен таныстырды.

Келесі кезекте топтардың жаңа оқу жылына арналған тәрбиешілерге қатысты құжаттар меңгеруші тарапынан бекітілуге ұсынылды.

Балабақша әдіскері тәрбиешілерді екі топқа бөліп алып іскерлік ойын жүргізді. Топ мүшелері жеребе алу арқылы қорғайтын тақырыптарын таңдады. Бірінші топ «Мектепке дейінгі ұйымның имиджін қалыптастыру, екінші топ «жалпыға міндетті білім беру стандарты» бойынша тәрбиеші қандай жұмыстар атқаратынын атап өтіп филичарт қорғауға тапсырмалар берілді.

Бірінші топ басшысы тобымен ақылдаса отырып, балабақша имеджін қалыптастыру үшін, ең алдымен психологиялық ақуалдың тұрақтылығы, тәрбиешілердің кәсіби біліктілігі сонымен қатар балабақшаның заман талабына сай болып бәсекелестікке қабілеттілігі жоғарғы болу керектігін атап өтті.

Екінші топ стандарт бойынша өз пікірлерін ортаға салды, онда стандарт біздің жүйелі жұмыс жасауымыз үшін оны күнделікті оқып, танысып отыруымыз керек. Бағдарламаны жүзеге асыру, топта заттық дамытушы орта жасақтау, күн тәртібін сақтау, балалардың ерекшелігі мен қажеттіліктерін ескере отырып білім мен тәрбие беру керектігін атап өтті. Күн тәртібін сақтау, балалардың ерекшелігі мен қажеттіліктерін ескере отырып білім мен тәрбие беру керектігін атап өтті. Күн тәртібіндегі мәселелерді саралай келе педагогикалық кеңес төмендегідей шешім қабылдады.

Қаулы етті :

- 1.Балабақша бойынша 2022-2023жаңа оқу жылына арналған жоспар бекітілсін.
- 2.балабақшаның жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.
3. Нормативтік құжаттарды балабақшаның тәрбиелеу мен білім беру күнделікті жүзеге асырылсын.
4. Педагогтардың 2022-2023оқу жылына арналған оқу жоспарлары перспектива, циклограмма, ұйымдастырылған іс- әрекет кестесі, күн тәртібін бекітілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Хатшы:



А.Ә.Тәтпеннова
Н.Бекбосынқызы

«Ұлы-Орда» бөбекжай балабақшасының ЖШС

Педагогикалық кеңес хаттамасы №2

26.11.2022

Тақырыбы: «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту»

Қатысушылар: 26

Қатыспағандар : 0

Күн тәртібі:

1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Құм терапиясы балабақшада
3. Шебер сынып «Балабақшада құммен салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық»
4. Іскерлік ойын
5. Ағымдағы мәселелер №2 педкеңестің шешімі

Келесі педкеңеске тапсырма: «Құммен сумен ойналатын» ойындар картотекасын дайындау.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі снз алып өткен педагогикалық шешімдердің орындалу барысында тоқталып шешімдер түгелдей орындалғанын айтып өтті. Келесі сөз тәрбиеші М. Абжанова өз іс тәжірейбесін негізге ала отырып, «Балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және мүсіндеу, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асыру» атты баяндамасын оқып шықты. Ол өз баяндамасында биылғы оқу жылынан бастап, әр сабақ уақытпен берілмегендігін сондықтан ойын түрінде өтілгендігі тиімді нәтиже беретін айтты. Мысал келтіре отырып «Апорт деген тәтті алма» әнін айтуды үйрете отырып алманыда бірге мүсіндедік деп қорытындылады. Баяндамашыға әріптестері сұрақтар қойып нақты жауап ала білді. Жиналыс мүшелері бір ауыздан баяндаманы жақсы өте құнды деп бағалады.

Келесі кезекте « Балабақшада сурет салуда дәстүрлі емес технологияларды қолдану» атты тәрбиешілер дидактикалық жұмыстар көрсетті, дәстүрден тыс сурет салудың бірнеше түрімен танысып тәрбиешілер бір-бірімен тәжірибе алмасты. Шебер-сынып : «Ермексазбен жұмыс істеу әдіс-тәсілі» атты шебер сыныпты екінші топ тәрбиешілері көрсетіп, ермексазбен қалай жұмыс жасау

жолдары туралы практикалық жұмыстар көрсетті. Тәрбиешілер бір-бірімен тәжірибе алмасып, қолданылған әдіс-тәсілдерді талқылады. Келсі кезекте

Ағымдағы мәселелер, №2 педкеңестің шешімі

Келесі педкеңеске тапсырма: «Қимылдық ойындар» картотекасын дайындау туралы шешімдер қабылдады.

Қаулы етті:

1. «Балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және мүсіндеу, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асыру. Баяндама жоғары дәрежеде деп бағалансын.
2. «Балабақшада сурет салуда дәстүрлі емес технологияларды қолдану атты тәрбиешілердің практикалық жұмыстарында қолданылған әдіс-тәсілдер жүйелі жұмыс практикаларына қолданылсын.
3. Ермек саз жұмыстарын жасау қанағаттанарлық деп есептелсін.
4. Келесі педагогикалық кеңеске қимылды ойындар картотекасы жасалсын.
5. Шешімдердің орындалуы әдіскер Ф.Боранбаеваға жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Хатшы:



А.Ә.Тәтпенова
Н.Бекбосынқызы

«Ұлы-Орда» бөбекжай балабақшасының ЖШС

Педагогикалық кеңес хаттамасы №3

25.01.2023

Тақырыбы: «Физикалық қасиеттерді дамыту»

Қатысушылар: 26

Қатыспағандар :0

Күн тәртібі:

1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Денсаулық технологияларын тиімді пайдалану арқылы балалардың денсаулығын нығайту»
3. Балалардың бірінші жарты жылдығындағы денсаулық көрсеткіштері
4. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі.
5. Ағымдағы мәселелер, №3 педкеңестің шешімі.

Келесі педкеңеске тапсырма: өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бойынша пакалар, буклеттер дайындау, көрме, ұйымдастыру.

Тыңдалды: Жиналысты балабақша меңгеруші ашып беріп өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалу барысын айтып өтті.

Келесі сөзді балабақша тәрбиешісі Ә.Абжановаға сөз берді ол өз сөзінде бүгінгі баяндама тақырыбымен танысып баяндамасын оқып шықты.

«Денсаулық технологияларын тиімді пайдалану арқылы балалардың денсаулығын нығайту» атты баяндама қояр сұрақтарыңыз бар ма деп әдскер тәрбиешілерге ұсыныс тастады. Өз тарапынан баяндаманы әліде толықтыру керектігін тақырыпты аша алмағанын айтты. Бұл ұсынысты басқада тәрбиешілер қостады.

Келесі сөзді балабақша медбикесі сөз алып, бірінші жарты жылдықтағы балалардың денсаулық көрсеткіштеріне талдау жасады, балалар арасында жұқпалы, тері аурулары тіркелмеді, жедел респираторлі тұмаумен ауырған балаларда көп емес екендігін хабарлады.

Келесі мәселе бойынша әдіскер аралық мониторинг нәтижесі жақсы екенін, тәрбиешілер мониторингті дер кезінде бақылап, төмен деңгей және орташа деңгейдегі балалармен түзету шараларын жүргізу керектігін атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе шешім қабылданып келесі педагогикалық кеңеске тапсырмалар берілді.

Қаулы етті:

1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін
2. «Денсаулық технологияларын тиімді пайдалану арқылы балалардың денсаулығын нығайту» атты баяндама толықтырып түзетулер енгізілсін.
3. Балалардың бірінші жарты жылдықтағы денсаулық көрсеткіштері қанағаттанарлық деп есептелсін.
4. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі бойынша балалардың даму карталары жасалынып, түзету шаралары жүргізілсін.
5. Ағымдағы мәселелер, №3 педкеңестің шешімінің орындалуы әдіскерге жүктелді.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Хатшы:



А.Ә.Тәтпенова

М. Раджапова

Ұлы-Орда» бөбекжай балабақшасының ЖШС

Педагогикалық кеңес хаттамасы №4

29.03.2023

Тақырыбы: «Танымдық зияткерлік дағдыларды дамыту»

Қатысушылар: 26

Қатыспағандар :0

Күн тәртібі:

- 1.№3 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
- 2.«Бала тілі бал» айдары
- 3.«Табиғат-ана» айдары
Ересектер топ тәрбиешілері
- 4.Ағымдағы мәселелер, №4 педкеңестің шешімі
Меңгеруші , әдіскер

Тыңдалды : Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алып, өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Шешімдердің орындалғаны туралы мәлімдеме жасады. Келесі мәселе бойынша балалардың тілдік құзыреттілігін дамыту мақсатында «Бала –тілі бал айдары» бойынша жасаған жұмыстарымен таныстырды. Балаларға арнап суретті кітапшалар, санамақ, ертегілер дайындаған жұмыстармен таныстырды.

Келесі ересектер тобы «Табиғат –ана» айдары бойынша жасаған көрнекіліктерін таныстырды. Тәрбиешілердің жасаған жұмыстарын жоғары бағалап балалардың жан-жақты дамуына ықпал жасап жатқандарына меңгеруші тарапынан жоғары бағалап сөзін қорытындылады. Ағымдағы мәселелерді сараптай келе, шешімдер қабылданды.

Қаулы етті:

- 1.№3 педкеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелді.
- 2.«Бала тілі-бал» айдары бойынша балалардың тілін дамыту дағдыларын дамыту бойынша жұмыстар жүргізілсін.
Кіші, ортаңғы топ тәрбиешілері шығармашылық қобдиша
- 3.«Табиғат –ана» айдары бойынша жұмыстар жүйелі жүргізілсін
- 4.Ағымдағы мәселелер, №4 педкеңестің шешімдерін жүзеге асыру әдіскерге жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Хатшы:



А.Ә.Тәтпенова
Н.Бекбосынқызы

Ұлы-Орда» бөбекжай балабақшасының ЖШС

Педагогикалық кеңес хаттамасы №5

29.05.2023

Тақырыбы: «2022-2023 оқу жылындағы балабақша жұмысының нәтижелері және оқу жылындағы жылдық міндеттердің орындалуы»

Қатысушылар: 26

Қатыспағандар :

Күн тәртібі:

- 1.Өткен педагогикалық кеңестің шешімін талдау.
- 2.«Біздің табыстарымыз туралы»-топ тәрбиешілері мен мамандарының жыл бойы жүргізген жұмысы жайлы таныстырылымдылық есебі.
- 3.Әдіскердің бір жыл ішінде істеген жұмысы жайлы есебі.
- 4.Балалардың аурушандық деңгейін тазалау.
- 5.Жазғы сауықтыру кезеңіне жұмыс жоспарын бекіту.
- 6.№5 Педагогикалық кеңес шешімі.

Тыңдалды : Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша меңгеруші сөз алып күн тәртібін , өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуына талдау жасады, шешімдер орындалғанын атап өтті. Келесі кезек топ тәрбиешілерінің бір жыл бойындағы атқарылған жұмыстарының есебін таныстырып өтті.

Келесі сөзді әдіскер алып, жыл бойғы балабақшадағы атқарылған жұмыс есебін, соның ішінде аудандық тәжірибелік семинарды жоғарғы дәрежеде өтілгенін, жыл бойы балабақшада тәрбиешілермен бірге нормативтік құжаттармен жұмыс жасалғандығы, балабақшаға балалардың толық қамтылуы үшін барлық жағдайлар жасалғанын атап өтті. Балабақша медбикесі аурушандық деңгейіне толық талдау жасады.

Келесі жаз мезгіліне жасалынған жұмыс жоспарымен таныстарды. Ондағы жоспарланған іс-шаралар мен таныстырды.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді саралай келе шешімдер қабылданды.

Қаулы етті:

- 1.Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептеледі.
2. «Біздің табыстарымыз туралы» -топ тәрбиешілері мен мамандардың жыл бойы жүргізген жұмысы жайлы таныстырылымдық есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.
3. Әдіскердің бір жыл ішінде істеген жұмысы жайлы есебі қабылданын.

4. Балалардың аурушандық деңгейін талдау жоғары деңгейде деп есептелсін .
5. Жазғы сауықтыру кезеңіне жұмыс жоспарын бекітілсін.
6. №5 Педагогикалық кеңес шешімі қабылдансын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Хатшы:



А.Ә. Тәтпенова
Н.Бекбосынқызы